

**Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында
психологиялық қызметіне байланысты жыл бойына жүргізілген жұмыстарды
талдау есебі**

2021-2022 оқу жылында мектепте 811 оқушы білім алуда. Мектептегі психологиялық қызмет негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылды. Аталған оқу жылында класс жетекшілерден оқушылардың тізімі алынды. Ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер туралы мағұлматтар жинақталды. Жоспарлар құрылды.

Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінде 2021-2022 оқу жылының кыркүйек, казан айларында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында 9-11 класс оқушыларына Қарауылкелді ст.ЖПБ-ның бастығы полиция капитаны Е.Әлкенов құқықбұзушылыққа «Мұлдем төзбеушілік» негізінде дәрістер өткізді. Есепке алған оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану жолдарын қарастырып, іске асыру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-әрекеттермен қамту негізінде «Тәртіп және талап» тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу мақсатында Мен және менің құқығым тақырыбында дәрістер жүргізілді. 3-4 класс оқушыларынан есте сактау қабілеттерін дамыту мақсатында сыныптан тыс шара өткізілді. 7-11 сынып оқушылар аралығында Мазасыздану деңгейін зерттеу мақсатында «Жеке адам мазасыздану деңгейі. Өмірде өзінді қалай ұстайсың?» сауалнамалары жүргізілді. Нәтижесінде 7кл оқушыларынан мазасыздану деңгейі орташа 8 класс орташа 9класс бойынша мазасыздық деңгейі 2 оқушы жоғары қалған 20 оқушы орташа 10 класс бойынша 2 оқушы жоғары қалған 6 оқушы орташа 11класс бойынша 1оқушы жоғары 11 оқушы тәмен Жасөспірімдер арасындағы келенсіз оқиғаларда кездесетін басты себеп- отбасындағы ата-аналармен тіл табыса алмаушылық, Әлеуметтік желілердегі ақпараттар, жақын адамын жоғалту қорқынышы \жауапсыз махабbat\ мектептегі мұғалімдермен, оқушылармен конфликтілер, қ-қ әділетсіздік, жазықсыз жазалау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларынан мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Иеарсек тесті «Ағаштар» суреттік жобалау тесті алынды. Зынып оқушыларынан танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді. 5сыныптар арасында ұйымдастырылған «Із кесуші» психологиялық ойыны өткізілді. 8-9 класс оқушыларынан Темперамент тесті алынды. Оқушылардың мазасыздық-қобалжу деңгейін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан Дасс сауалнамасы алынды нәтижесінде 11-14 жоғары көрсеткіш оқушыларда болған жок.

Мектеп оқушыларының арасында өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) жағдайларын болдырмау және суицидиалды мінез-құлықтың алдын-алуға

байланысты құрылған мектепішілік 2021-2022 оқу жылына арналған психологиялық жоспары құрылды және психология саласы бойынша тәрбие орталығымен, сынып жетекшілермен бірігіп тиісті шаралар атқарылуда. Келенсіз оқиғалардың алдын алу және болдырмау жұмыстары келесі бағыттарда жүзеге асырылуда. Құқықбұзушылықтың алдын-алу басты міндет мақсатында «Жақсы қыз ата-ана мақтанышы» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына қыздар жиналысы өткізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында есепте тұрган оқушыларымен жүргізілген жұмыстар Э.Ховард бойынша стресске төзімділік және де С.Спилбергер бойынша өзін-өзі бағалаудың тұлғалық шкаласы бойынша сауалнамалар өткізілді. Бұл әдіс стресске тұлғаның жеке сезгіштігі ретінде аландай денгейін анықтауға және тұлғаның көп жағдайда қорқу, қауәптену жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында жоспар бойынша іс-шаралар жүргізілді. «Өмірдің қауіпті қырлары мен олардан өту-жолдары» тақырыбында оқушылармен жасөспірімдер инспекторымен бірлесіп зорлық-зомбылықтың алдын- алу мақсатында дәрістер кеңес беру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.«Балаларға қатысты қатыгездік нысандары және оның зардаптары» тақырыбында ата-аналар жиыны өткізілді.

«Отбасылық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында мектеп психологы С. Сейталина ата-аналармен оқушылармен бірігіп «бала мен ата-ана құқығы, бала құқығын шектемеу және оған зорлық-зомбылық пен қатігездік көрсетпеу» тақырыбында жиналыстар өткізілді.

Тәуекел тобындағы және отбасындағы оқушылармен әлеуметтік педагогикалық жұмыс жүргізілді.

II тоқсан бойынша оқушылармен «Мамандық таңдау», кәсіби бағдар беру» бағында психологиялық жұмыстар жүргізілді. «Мен және менің өмірлік жоспарларым» және «Сенің кәсіби ой ниетің» тренингі,

«Мамандығым-мақтанышым» тренинг сабактар өткізілді. «Мамандық таңдауга байланысты жекелеген оқушыларға психологиялық кеңестер берілді.»

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ел Үміті» бастамасы аясында дарынды оқушыларды анықтау мақсатында «Qabilet» қызметі арқылы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының зияткерлік және жеке әлеуетін өлшеу бағдарламасы аясында «4К» бойынша 10-11 жастағы 5-6 класс оқушыларынан қабілеттерін диагностикалау мақсатында тессстер алынды.

5 сынып оқушыларына «Калейдоскоп» 5-11 сынып оқушыларына «Құпия дос» психологиялық ойындары жүргізілді.

Жас мамандарға «Жалынды жастар-ел болашағы» тақырыбында командалық іс-шаралар жүргізілді. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында 9-сынып оқушыларынан Зунк шкаласы, 9-11 сынып оқушыларынан «Мектептегі буллинг

қауіп туралы» сауалнамалар жүргізілді. Сынып оқушыларына үнемі сырттай бақылау жүргізілді. Яғни, оқушылардың жекелік қасиетін анықтау, үзіліс кезендерде оқушылардың айналасындағылармен қарым-қатынасын бақылау, 1-11 сыныптың сабактарына ену, жеке сөйлесіп кеңес беру, ата-аналарымен байланысып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Барлық сыныптың оқушыларына жеке педагогикалық- психологиялық мінездеме жасалды. Жағымсыз іс-әрекетке барғызыбаудың алдын-алу жұмыстарына байланысты әңгімелесу, пікірлесу әдісі, жиналыш жасау, сынып жиналышы, тәрбие сағаты т.б іс-шаралар ұйымдастырылуда. 6-11 сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізді, тұлғалық қабілеттері жөнінде мәліметтер жинақтады. 10 сынып оқушыларына атальп отырған мәселе төнірегінде «Жасөпірімдерге ұялы телефонның зияны жөнінде түсіндіру» деген тақырыптарда әңгіме қозғалды. Оқушы пікірі талданды. «Қыын» оқушыларды анықтау сауалнамасы алынды. Сауалнама бойынша 7-ші сұрақ «Сіздің сыныбыңызда «қыын» оқушы бар ма?» деген сұраққа сынып жетекшінің 100%-ы жоқ деп жауап берді. 1-11 сыныптар арасындағы сынып жетекшілер «Өмір тамаша!» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Мақсаты: Окушының өмірге деген көзқарасын жақсы жағына қарай бағыттау, өмір күндылыктарын ұғындыру, суицидтік болдырмаудың алдын алу. 5-6 сынып аралығында «Мен өмірді таңдаймын!» тренинг сабағы болып өтті. Сабактың негізгі мақсаты: окушының өмірге деген көзқарасын жақсы жағына қалыптастыру, балалар бойындағы суицидтік мінез –құлықтың алдын-алу және болдырмау. Тәрбиелік мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, салауатты өмір салтын ұстануға, сөз сөйлеу мәдениетіне, өмірді сүюге тәрбиелеу. Тренинг барысында сауалнама жүргізілді. Саулнамаға берілген жауаптарын талдау жасалды.

5-6 сыныптар арасында өзара қарым-қатынасты анықтау мақсатта «социометрия» әдісі пайдаланылды. Осы әдісті пайдалану арқылы сыныптағы «шектеулілер» мен «жүлдіздар» анықталды. «Шектеулі» топтағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізілуде. Орта буын оқушылары арасында «Менің сынып жетекшім» және «Оқушылардың оку процесін адаптациялау» тақырыптарында сауалнама алынып, қорытындаланды.

«Өз-өзіне деген сенімділікті нығайту» тақырыбында жеке оқушыларға кеңес беру жұмысы үнемі жүргізіліп отыр.

Жеке оқушылармен жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды. Есептер тұрған оқушылармен жеке кеңестер жүргізіліп мазасыздық деңгейлерін анықтау. «Қарым-қатынаста мен қандаймын» тесті алынды.

Себепсіз сабактан қалған емес, мектептегі барлық іс-шараларға белсене араласып келді, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар көбірек жүргізілді.

III тоқсан бойынша 4-5класс оқушыларына Цукерман «Қолғаптар» әдістемесі өткізілді. 8-11 класс оқушыларына «Тұлғаның күйзеліске өзіндік тұрақтылығын бағалау» 10 класс оқушыларына Мектептік ақыл ой деңгейін анықтау тестісі. ШТУР алынды. 1-4 класс оқушыларына «Қабылдау мен түзете дамытуға бағытталған жаттығулар» «Тында және орында» «Бұзылған телефон» «Ассоциация» «Корректуралық тапсырмалар» алынып 5 класс оқушыларына Мінез-құлықты басқара алу техникалары «Ғажайып жұлдыздар әлемі» ертегі терапиясы өткізілді. 9-11 класс оқушыларына Ішкі-сыртқы көңіл қүй тереңдігін қалай қалыптастырамыз? «Емтихан» іскерлік ойындары өткізілді. 5-8 класс оқушыларына Психологиялық жобалық ойын «Ұйқыдағы қала» 7-11 класс оқушыларына «Адамгершілік және жыныстық тәрбие бағытын анықтау» сауалнама Қыз қылышымен..... қыздар жиналышы өткізілді. Мектеп ұстаздарына «Жақсы көңіл-қүй жан азығы» флештренинг өткізілді. Жасөспірімдер арасындағы суицид пен қатерге бейім мінез-құлықтың алдын-алу. «Өмірдің мәні ұрпағымыздың амандығы» жалпы ата-аналарға жиналыш өткізілді. 4 класс оқушыларына «Кактус» әдістемесі. Панфлова 1-6 класс оқушыларына Е.Малкова. көп салалы мазасыздық деңгейі 7-11 Е.Малкова Балардың көп салалы мазасыздық деңгейі 1-4 Мәдени мінез-құлық ережелері 7-8 «Мен агрессиямды қалай жеңемін» тренингтері өткізілді. 1-4 Т.В Артемьева «Жасырынып тұрған сөздерді тап» ойыны «Аспан,жер,су» ойыны «Барлығын еске түсір» ойындары өткізілді. 3 сынып оқушыларына ата-анамен бірлесіп «Толагай» қысқы ойыны өткізілді. 8-11 Личко тесті 10-11 класс оқушыларына «Бозбала мен бойжеткен арасындағы қарым-қатынас» «Жат қылыштан аулақ бол» ПК-мен кездесу ұйымдастырылды. 11 класс оқушыларына ҰБТ жағдайында оқушы бойында стрестің болмауын қамтамасыз ету. 8-11 қыз балаларға медбикемен бірлесіп «Ерте жүктілік пен жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын-алу»қыздар жиналышы өткізілді.

Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен жеке балалармен ерекше балалармен, құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын алу бағыты бойынша мектепте есепте тұрған және ерекше оқушылармен қолайсыз отбасы оқушылары анықталып есепке алынып жыл бойы жұмыстар атқарылды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен де жеке жоспар құрылыш, жоспар бойынша құжаттар жинақталып, жұмыстар жүргізілді.

Қорыта айтқанда, жыл басынан бергі атқарылған жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Негізгі мақсатымыз – оқушыларымызға, педагогтарға өмір құндылықтарын үгіттеу және білім беру мекемесіндегі психологиялық климатты оңтайландыру Жалпы, тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры болар жасөспірімдеріміздің құқықтық санасын жетілдіру, құқықтық ақпараттық насиҳаттық көмек пен жан-жақты демеу беру мен қоғам өміріндегі барлық іс-

әрекетке бей-жай қарай алмайтын азаматтық тұрғыдағы белсенді патриоттық тұлғасын қалыптастыру бағытындағы барлық бірлескен іс-қимыл шаралары өзінің игі жалғасын тауып, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді орындауда өзіндік тұрғысынан әсерінің оң болатындығына сенім мол.

Мектеп директоры

A.P. Тлеулина

Педагог психологтар

C. Сейталина

Ахметалина Г

Мерекеқызы Ә

